

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Жақсы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 тамыздағы № 6С-6-8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 5537 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 6С-21-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 16.03.2018 № 6С-21-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Жақсы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жақсы аудандық мәслихатының
сессия төрағасы

Б.Жанәділов

Жақсы аудандық
мәслихатының хатшысы

Б.Жанәділов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Жақсы ауданының әкімі

Қ.Сүйіндіков

2016 ЖЫЛ "17" 08

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті Ақмола облысы бойынша

Мемлекеттік кірістер департаментінің
Жақсы ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы" Республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Т.Коваленко

2016 жыл "17" 08

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК